

Мекке Мадина



Орындаған: Нургалиева Жамиля Балгазықызы

Қасиетті рамазаннан кейінгі шәууал, зул-қағда және зул-хиджа деген құрметті айлар қажылық айлары болып саналады. Шама-шарқы, қаражаты жететін әрбір мұсылман аталған айларда исламдағы ең үлкен парыздардың бірі қажылықты өтеуге қамдана бастайды.



«Қажылық» ұғымы сөздікте – «қасиетті жерге баруды ниет ету» дегенді білдірсе, шариғатта – арнайы уақытта, яғни, қасиетті рамазан айынан кейінгі айдан бастап зул-хиджа айының 10-12 күндеріне дейін арнайы бекітілген ихрамға кіру, Мекке қаласына барып, Қағбаны жеті айналып тауап ету, Сафа мен Мәруа арасында сағи жасау, Арафатта тұру, Мұздалифада түнеу, Минада болып шайтанға тас ату сияқты амалдарды орындау деп түсіндіріледі.

Қажылық құлшылығының бойында үлкен даналық, ашылмаған құпиялар жатыр әрі ол үшін берілетін сауап та шаш-етектен. Оның парыздығы қасиетті Құранда: «Алла үшін Қағбаны адамдарға қажылық ету парыз» деп ұқтырылса («Әли-Имран» сүресі, 97-аят), хадисте: «Умра умраға дейінгі аралықтағы (кіші) күнәларды шаяды, ал хаж мабрурдың (шынайы қажылықтың) сыйлығы – тек жәннат» деп сүйіншіленеді. (Бұхари, Муслим)

Сонымен қатар, қажылық сапары туралы сөз қозғағанда есімізге еріксіз Мекке қаласы, Алланың үйі Қағба, Қара тас, Зәм-зәм суы, Арафат, Құрбандық оралады.

Жер бетіндегі барлық мұсылмандардың жүрегінде Мекке қаласына деген ерекше ыстық сезім бар екені жасырын емес. Бұл аңсар, бұл ынтықтық қадым заманнан бері жалғасып келеді. Біздің ата-бабаларымыз да Мекке қаласына ерекше құрмет көрсететін болған. Мәселен, Шал ақын былай деп жырлаған екен:

Мекке менен Мәдина жолдың ұшы,

Алыс сапар дейді ғой барған кісі.

Ата менен анаңды құрметтесең,

Мекке болып табылар үйдің іші.

Пайғамбарымыз (оған Алланың сәлем аспандар мен жерді жаратқан кезде бұл қаланы құрметті етіп қойған және ол қала Қияметке дейін Алланың қалауымен құрметті болып тұрады» деген болатын. (Муслим). Яғни, бұл хадистен байқайтынымыз. Мекке қаласының тарихы адам баласының пайда болуынан да ертерек заманда қарастырылады.




Құран мен сүннетте аталған қаланың артықшылықтары қаншама ғасыр бұрын мәлім етілген болатын. Ал ғалымдар қауымы жаңа технологиялардың көмегімен, о баста Мекке жер бетін алып жатқан судағы бір тұтам жер болған, барлық құрағақтық атаулы жанартау әсерінен осы жерден пайда болды деген тұжырымды енді ғана жасап отыр. Сахабалар кезінде «Қағба – жердің кіндігі» деп айтатын болған.

Бұл ақиқат та мыңдаған ғалымдардың есептері мен үлгілеуінің нәтижесінде күні кеше ғана дәлелденді.


Таяуда ғарыштан түсірілген суреттен Мекке мен Медине қаласының әрқашан жарқырап тұратыны анықталған болатын.

Қасиетті Құранның «Әли-Имран» сүресінің 96-аятында Мекке қаласы туралы: «Ақиқатында, адамдарға ең алғаш салынған – Бәккедегі үй. Ол әлемдер үшін құт-береке әрі тура жол» делінген. Келтірілген аят та Меккенің әлемдер үшін ерекше мекен екенін нұсқайды.



1977 жылдан бастап Араб түбегі орналасқан жерде бір кездері Гондвана аталатын құрлықтың болғаны, кейіннен жеті құрлыққа бөлінгендігі айтыла бастады.

Каир университетінің ғалымы Хусейн Камалуддин Меккеде, нақты айтсақ, Қағба орналасқан жерде Жер ғаламшарының магниттік орталығы бар екендігін жазады. Ол мұндай пікірді Жердің магниттік полюстері өзгергенде Қағбаның полюсі қалпында қалатындығын байқағаннан кейін айтты. Ол әлемнің әрбір бұрышындағы қыбыла бағытының магниттік сызықтарға сай келетінін және бұл сызықтардың Мекке қаласына қарай бағыттталатынын анықтағанда қатты таңырқаған екен.



Әлем халқы Меккені – «адамзаттың алғашқы бесігі», «қалалардың анасы» деп те атайды. Сондай-ақ, Құранда Бәкке, Бейбіт қала деген атаулары кездеседі. Алла Тағала Тин сүресінде осы Бейбіт қаламен ант етеді. Мекке – Құранның алғаш аяттары түскен, ислам дінінің қазығы қағылған орын. Мекке – Пайғамбарлардың абзалы Мұхаммедтің (оған Алланың сәлемі мен игілігі болсын) дүниеге келген, қимасындай болған сүйікті әрі алғаш сәждеге басы тиген жері. Меккеде ислам дінінен кейін басқа ешбір дін іргесін салған емес. Мұнда Аллаға күпірлік ететін адамдардың кіруіне тыйым салынады, егер ондай адам қайтыс болса, қасиетті жерге жерленбейді. Меккенің жануарына, құсына қиянат жасауға, ағашын сындыруға болмайды. Меккеде жасалынған құлшылықтар үшін сауаптар еселенеді. Меккеде оқылған бір намаз жүз намазға татиды. Тіпті, Мекке мен Мединеге Дәжжал аяқ баса алмайтын болады. (Муслим). Жердің басқа бұрышында тұратын адамдар тек қана Қағбаға қарап намаз оқыса, Мекке тұрғындары Қағбаның жан-жағынан айналып келіп құлшылық жасай алады.

**Назарларыңызға
рахмет!!!**